

## БӨЛІМ: АҒЫЛШЫН ТІЛІ

**Ағылшын тілі сабағында критериалды бағалау жүйесін қолдану**ЖАРИЯЛАНДЫ  
24.10.2018СІЛТЕМЕ  
<https://bilimger.kz/53390/>

## АННОТАЦИЯ / АҢДАТПА

Ағылшын тілі сабағында критериалды бағалау жүйесін қолдану.

«Білім — біліктілікке жеткізер баспалдақ, ал біліктілік сол білімді іскеасыра білу дағдысы» А. Байтұрсынов

Бүгінгі таңда Қазақстанда білім берудің деңгейі мен сапасына жаңаталаптар қойылып отыр. Қазақстан Республикасында соңғы жылдары білім беру саласындағы жүргізіліп жатқан реформалар еліміздегі білім беру сапасының әлемдік деңгейге сәйкес келуін қамтамасыз ету, соларқылы әлемдік сұранысқа жауап бере алатын мамандарды даярлау және бәсекеге қабілетті білім беру болып табылады. Еліміздің басшысы Н.Ә. Назарбаев қазақстандық мұғалімдердің кәсіби даму саласындағы жаңа көзқарасы олардың педагогикалық өміріндегі қосымша өзгерістер енгізуге мүмкіндік беруде. Сапалы білім беру – оқыту ментәрбиелеудің үздіксіз үдерісі. Қазіргі кезде білім берудегі мақсат жан—жақты білімді, өмір сүруге бейім өзіндік ой—

талғамы бар, адамгершілігі жоғары, қабілетті жеке тұлғаны қалыптастыру.

Оқыту — мұғалімдердің оқушыларға жасаған сыйы емес, бұл құзіреттіліктер білім алу үшін оқушылардың өздері де оқу үдерісіне белсенді қатысуын талап етеді. Мұғалімдер, өз кезегінде, өзінің сабақ беруіне емес, оқушылардың оқу ептілігін дамытуға назар аударуы тиіс. Осы мақсатта мұғалім оқыту ортасын құру керек. [ МАН, 70 бет] Осы орайда оқушылар арасында өзара түсіністік және ұжымдық қарым—қа

тынасты орнатып, оқушылардың сенімсіздіктерін жойып, мүмкіндіктерін арттыруға жол ашатын бірден бір тәсіл критериалды бағалау болып табылады.

Ұлы педагог Ы.Алтынсарин «Оқытушы бағалағанда олардың іске қатысы жоқ сөздеріне қарап емес, олардың егістерінің бетіне шыққан жемістеріне, яғни оқушыларына қарай бағалау керек» деп, айтқандай, оқушы жетістігін нақты бағалау мәселесі—білім беру жүйесіндегі өзекті мәселелердің бірі.

Бұрын оқытуда оқушылар тек қана тыңдаушы, орындаушы болып келсе, ал қазіргі оқушы өздігінен білім іздейтін жеке тұлға екендігіне ерекше мән беруіміз керек.

Критерийлер — оқытудың міндеттерін жүзеге асыратын өлшемдер, атап айтқанда, оқушылар жұмыс барысында орындайтын іс—әрекеттер тізбесі.

Критериалдық бағалау — бұл білімнің мақсаты мен мазмұнына сәйкес келетін, оқушылардың оқу—танымдық біліктілігін қалыптастыруға себепші болатын, айқын анықталған, ұжыммен шығарылған, білім процесінің барлық қатысушыларына алдын ала белгілі критериялармен оқушылардың оқу жетістіктерін салыстыруға негізделген процесс.

Егер балаға оның белгілі бір деңгейге жеткендігін айтса, онда бұл оған үздік нәтижеге жету үшін не істеу керектігін түсінуге көмектеспейді; бұл ретте егер баламен бірге оның жұмысында мұндай бағалауға не әкелгенін және бағалау өлшемдерін түсіндіруге талдау жасаса, онда бұл балаға өзінің нәтижесін жақсарту үшін кейін не істеу керектігін түсінуге мүмкіндік береді. [МАН, 107 бет]

*Критериалды бағалауды енгізудің мақсаты:*

Мектепте оқыту сапасын жоғарылату;

Мектеп бітірушілердің білімін халықаралық стандартқа сәйкестендіру.

*Критериалды бағалаудың міндеттері:*

Сабақтың әр бөліктеріндегі әр оқушының дайындық деңгейін анықтауға;

Бағдарламаға сәйкес оқу мақсаттарын орындау қабілеті;

Жеке оқушының даму жетістігін бақылауға;

Оқушының білім алу барысындағы қателіктері мен олқылықтарына ықпал етуге;

Әр түрлі жұмыс барысындағы алған өз бағасының әділдігіне көзінжеткізуге;

Оқу бағдарламасының тиімділігін саралауға;

Сабақ үдерісі мен білімнің меңгерілуі туралы оқушы мен мұғалім және ата—ана арасындағы кері байланысты қамтамасыз етуге

*Критериалды бағалаудың маңызы:*

*Мұғалімдер үшін:*

Сапала нәтижеге әкелетін критерийлер құрастыруға;

Өз іс—әрекетін саралап және болашаққа жоспарлай алатын мәліметтер алуға;

Сабақ берудің сапасын арттыруға;

Оқушының жеке ерекшеліктерін ескере отырып, оқытудың әр тұлғаға арналған ауқымын жоспарлауға;

Бағалаудың әртүрлі әдістерін пайдалануға;

Оқу бағдарламасын қолжетімді ету үшін ұсыныстар енгізуге

**Оқушылар үшін:**

Танымдық қабілеті мен ойлау деңгейін арттыратын оқытудың әртүрлі әдістерін пайдалануға;

Табысқа жетелейтін бағалау критерийлерін түсінуге;

Өзін және өзгелерді бағалау арқылы кері байланысқа түсуге;

Сыни ойлауына, еркін ойын айтуына, өзінің білімін көрсетуге

**Ата—аналар үшін:**

Баласының білім сапасының дәлелдемелерімен танысуға;

Оның оқуындағы табыстылықты бақылауға;

Оқуына қолдау көрсету үшін бағыт алуына мүмкіндік туғызады.

**Критериалды бағалау жүйесінің тиімділігі:**

Мұғалімге оқушының оқу жетістіктерін объективті түрде бағалауға мүмкіндік бе

реді;

Оқушыларға оқу үдерісі барысында туындаған қиындықтарды түсінуге, бағалауға мүмкіндік береді;

Ата—аналар оқушының оқу жетістіктер бойынша объективті дәлелдемелермен қамтамасыз етіледі;

Оқушылардың оқу жетістіктерін бағалауда бірқатар дағдылар қолданылады. Олар: білу, түсіну, қолдану, сыни ойлану, анализ, синтез, бағалау, зерттеу дағдылары, рефлексия, коммуникативті дағдылар, тілдік дағдылар, жеке жұмыс жасау дағдылары, топта жұмыс жасаудағы дағдылары, мәліметті іздеу дағдылары, тәжірибелік дағдылар, шығармашылық дағдылар, IT-технологияларды қолдану дағдылары.

Критерийдің мазмұны:

Бағалау критерийлері — оқытудың мақсатын және ара қатысын белгілеуге сәйкес белгі (сипаттама).

Дескриптор — жетістік деңгейінің сипаттамасы.

Критерийлер

Дескрипторлар

А

Білу және түсіну

Жекелеген сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасы мақсатына сәйкес келетін нақты фактілерді, ақпараттар және сипаттамаларды білу және жаңғырту. Алынған ақпаратты талдау, қайта жаңғырту, болжау жасау арқылы түсінгендігін көрсете білу.

В

Қолдану

Бұрын алған ақпараттар мен білімдерін жаңа немесе таныс емес жағдайларда және контекстерде қолдану, пайдалану. Білгенін, түсінгенін, дағдыларын сабақ барысында қолдану арқылы көрсету

Әр сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін білімдерін қолдануды көрсетудің жолдары: практикалық жұмыс, диаграммалармен жұмыс, кескін картада жұмыс жасай алуы, есептер шығару, жобалар, мәселені шешу және жаңа нәтижелер ойлап табу болып табылады.

## C

Сыни ойлау және зерттеу

Білім көзінен алған ақпараттарды талдау, синтездеу, бағалау арқылы пікірлер қалыптастыру. Жекелеген сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін ақпараттар мен нәтижелерді жинақтай алу және оларды талдай алу қабілеттілігін көрсету. Ұсынылған болжамдарды дұрыс ақпараттар жинақтау және деректерді пайдалану арқылы зерттеп, бағалап, өз бетімен қорытынды жасау. Әр сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін жасалған қорытынды жайында ой қозғау қабілеттілігін көрсету.

## D

Коммуникация және рефлексия

Әр сыныптар мен пәндер көлемінде оқу бағдарламасының мақсатына сәйкес келетін ақпараттар, фактілер мен ойларын, пікірлерін ауызша және жазбаша ұсыну. Басқа адамдар ұсынған ақпаратты тыңдап және сәйкесінше жауап қайтара алу қабілеттілігін, басқа адамдардың көзқарасын қабылдай отырып, өз көзқарасын тәжірибе арқылы ортақойға келу. Айтылған ойларды, пікірлерді, оқиғаларды ой елегінен өткізу арқылы шешім қабылдау немесе ой толғаныс нәтижесінде іс-әреке

тжасау.

Критериалды бағалау технологиясы оқушы бойындағы үрейленуді басады және мұғалімді «төрешілік» қызметінен босатып, оқушы бойында өзін—өзі бағалау, өз іс—әрекетіне баға беру, жауапкершілік қабілетінің дамуына ықпал етеді.

Критериалды бағалау жүйесі бұрынғы бағалауға қарағанда қалыптастырушы және жиынтық бағалаумен ерекшеленеді. Қалыптастырушы бағалау оқытуды, әдістерді және осы мүмкіндіктерді іске асыру түрлерін жақсарту мүмкіндіктерін анықтауға бағытталған болса, жиынтық бағалау мақсатты баға қою және сертификаттау немесе оқытудың алға жылжуын тіркеу үшін оқыту қорытындысын шығару үшін қажет. [МАН, 55 бет]

Мен өз сабақтарымда критериалды бағалауды жиі қолданамын, яғни сабақтың басында оқушылар нені білуі тиіс, не нәрсеге қол жеткізуге керек деген мақсатпен сабақтың критерийін интерактивті тақтаға жазып көрсетемін немесе әр оқушыға қағазға жазылған күйде сабаққа құрылған критерийлерді таратамын. Жалпы критерийлерді әрдайым өзім құрастырып қана қоймай, кейбір тақырыптарды оқушылармен бірігіп құруға дағдыландырамын. Сабақ критерийлері өткен сабақпен байланыстырыла құрылады, өйткені ағылшын тілі сабақтарында кейбір түсінуге қиын грамматикалық құрылымдарды дамыту, жетілдіру мақсатында көбірек жұмыстануды қажет етеді және әр сабақта оқушылардың сабақта ағылшын тілінде сөздік қорларын пайдалануы, сөйлеген кезде немесе оқыған кезде дауыс ырғағына, яғни дауысты көтеріп немесе төмен түсіру мәнеріне көңіл бөле отырып, сабақ критерийлерін құрамын.

15.10.15 ж. күні 6 «А» сыныбына «Shoqan Ualikhanov is a Kazakh traveller» тақырыбында ашық сабақ өттім. Бұл сабақта мен төмендегідей бағалау түрін қолдандым.

Бағалау парағы.

Оқушының аты—жөні

1 тапсырма

Үй тапс.

2 тапсырма

Сөздерді табу

3тапсырма

Постер қорғау

4тапсырма

Жаттығу орындау

Әр топтан сайланған бағалаушы өзара бағалауды жүйелі түрде жүргізді. Бағалау барысында кеткен кемшіліктер түзетіліп, сабақ соңында оқушылар әділ бағаланды.

9 сынып. «If I were millionaire» тақырыбында Блум таксономиясы бойынша өткізілген сабақ соңында табыс критерийлері

Категориялар

Табыс критерийлері

I. Білім

Шартты райлы сөйлемде қолданылатын терминдерді есте сақтайды, қайталайды, ережені айтады

II. Түсіну

Ережені салыстырады, мысал келтіреді.

III. Қолдану

Шартты райлы сөйлемді өмірде қолданады.

IV. Талдау

Шартты райлы сөйлемнің түрлерінің қалай жасалатынын ашады, ажыратады.

V. Жинақтау

тақырыпқа байланысты шағын әңгіме жазады.

VI. Бағалау

Критерийлерге сүйеніп, тақырыптың маңыздылығын айқындайды, жазбаша түрде бағалайды.

7 сыныпқа өткен Лондонның көрнекті жерлері тақырыбына байланысты «Постер қорғау критерийін» құрдым.

Criteria

Критерий

Descriptor

Дескриптор

The level of achievement

Жетістік деңгейі

A. Мазмұны

Тақырып мазмұны ашылмады

0

Тақырып мазмұны ашылды, бірақ толықтыру қажет

1

B. Безендірілуі

Бояуы қанық емес, сурет салмаған

1

Әсемделген, бірақ эстетикалық талғамға сай келмейді.

2

Жақсы әсемделген, сурет, символ, белгілер қолданылған

3

С.Баяндау шеберлігі

Ойды жеткізу тілі түсініксіз болды

1

Ойды жеткізе білді, бірақ шешендік жетпеді немесе қайталана берді, қыстырма сөздер көп қолданылды.

2

Тіл байлығы жақсы, ойды жетік жеткізе білді, өз пікірін пайымдады.

3

Д. Шығармашылық

Тақырыпты өзге қырынан аша білді

3

«Тұжырым жасай білген адам, алдына мақсат та қоя біледі» деген екен белгілі шығыс ойшылы. Олай болса, бағалауға деген көзқарасымызды өзгертсек, сабақтарымызға критерий арқылы бағалауды енгізіп, оқушыларымыздың тұлғалық бағытын белсенді позицияға бағыттасақ, тұлғаны өзіндік жауапкершілікке, нәтижеге жеткізу, ал оқушыларымыз әр сабақта белгілі бір нәтижеге жету барысында еңбектенсе, оқушы да, мұғалім де өз еңбектерінің табысын көре алады деп ойлаймын

**ҚМ АА** Куәлік нөмірі: **KZ45VPY00102718** — ҚР Мәдениет және Ақпарат министрлігі

© 2026 **Bilimger.kz** Ақпараттық-танымдық білім порталы. Барлық мазмұн авторлық құқықпен қорғалған.